
ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПСИХОЛОГИИ

ACTUAL PROBLEMS OF PSYCHOLOGY

ӘОЖ 159. 99

А.Р. Альгожина

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: anara.karzhaz@mail.ru)*

Тиімді жаттықтырушының тұлғалық қасиеттерінің психологиялық ерекшеліктері

Мақаланың өзектілігі — спортшылардың тиімді іс-әрекеті үшін қажетті тұлғалық ерекшеліктері бойынша зерттеулер көп болса, жаттықтырушының тұлғасына қатысты психологиялық зерттеулер аз болып келуімен анықталуы. Жаттықтырушының дүниетанымы оның өз халқына, мемлекетіне қызмет ету сияқты барлық педагогикалық іс-әрекетін бағыттап, оқушыларда өмірлік ұстанымдарын тәрбиелеуге мықты негіз болады. Жаттықтырушының шеберлігі оқушыларымен қарым-қатынасына өзгешелікті беретін, оның әр түрлі үйренулерді меңгеру деңгейін мен жылдамдығын анықтайтын ондағы бар қасиеттерімен анықталады. Мәселенің зерттеу логикасы оның барлық элементтерін айтарлықтай деңгейде бейнелендіреді.

Кілт сөздер: жаттықтырушы тұлғасы, тұлғалық қасиеттер, даралық стиль, шеберлік, икемділік, спортшы тұлғасы, дағдылар, іс-әрекет.

Жаттықтырушылардың тұлғасын зерттеумен М. Мосстон, Джон Лой, Джон Вуден, Барри Хуссман, Нил және басқа да шетел психологтары айналысты. Осы сұрақты сонымен қатар ресейлік психологтар да қарастырды. Р.Л. Кричевский, А.Н. Леонтьев, Г.М. Андреева, И.П. Волков, Ю.А. Коломейцев, И.Н. Решетень сияқты психологтардың еңбектерін атап кетуге болады.

Жаттықтырушы іс-әрекетінің ерекшеліктері, ең алдымен, оның алдына қойған ұзақ уақыттық жаттықтыру нәтижесінде оқушыларының жоғары спорттық шеберлікке жету сияқты мақсатымен байланысты. Осыған қарай жаттықтырушы іс-әрекетінің бірінші ерекшелігі – жаттықтыру сабақтарында, сайыстар мен сборларда өз оқушыларымен спортшылардың психологиясын жақсы білуге және оларға жүйелік әсер етуге мүмкіндік беретін үнемі қарым-қатынас жасау. Бұл ерекшелік жаттықтырушыға қол астындағылардың тұлғалық дамуы мен физикалық денсаулығы үшін ерекше жауапкершілікті мойнына алғызады. Жаттықтырушы спортшыларды спорттық іс-әрекеттің техникасы мен тактикасын үйретпей ғана қоймай, тәрбиеші болуды, өз оқушыларында адамгершілікті, еріктік қасиеттерді қалыптастыру керек. Жаттықтырушының тәрбиелік рөлі оның авторитетіне және кәсіби тұлғасына негізделуі қажет. Жаттықтырушы іс-әрекетінің екінші ерекшелігі «кәсіби қауіптің бар болуынан» тұрады: жаттықтырушы оқушыларының жоғары нәтижелерін жылдар бойы күтуге мәжбүр, ал бұл шыдамдылықты ғана емес, сонымен қатар өз оқушыларының таланттарының дамуы мен денсаулығы үшін адамгершілікті жауапкершілікті талап етеді. Жаттықтырушы іс-әрекетінің үшінші ерекшелігі – жарыстар кезінде оның стрессогенділігі болып табылады – жаттықтырушы үнемі өте жоғары жүйкелік-эмоционалды қысымдылықты сезеді.

Жаттықтырушы іс-әрекетінің төртінші ерекшелігі — ұзақ уақыт бойы отбасы мен үйінен алшақ болуы (спорттың кейбір түрлерінде — жылына тоғыз айға дейін). Жаттықтырушы үшін демалыс күндері болмайды, себебі жұмыс күндерде ол жаттығулар жүргізсе, ал демалыс күндерінде

жарыстарда өз спортшыларымен жүреді. Бұл отбасылық қатынастарда шиеленісті және өз балаларын тәрбиелеуде қиындақтарды әкеледі.

Спортшыларды оқыту мен дамыту қызметінен басқа, жаттықтырушы басқа да түрлі қызметтерді атқарады:

1. Эксперттік-кеңес берушілік: жаттықтырушы арнайы сұрақтар бойынша үлкен білімге ие болатын маман, оқытушы ретінде шығады, ал балалармен жұмыс істегенде ол басқа да сұрақтар бойынша үлкен эрудицияға ие болуы қажет.

2. Жобалаушы: жаттықтырушы перспективті және мерзімді жобалауды жүргізу қажет.

3. Тұрмыстық-ұйымдастырушылық (әкімшілік): спортшыларды құралдармен, спорт киімімен жабдықтау, сабақ жүргізу үшін спорт базаларын жалдау, жарыс пен жиындарда спортшыларды тіркеу, спортшылардың қалыптарын психофизиологиялық және дәрігерлік бақылауын ұйымдастыру және т.б.

4. Өкілділік: бір жағынан, жаттықтырушы командасы үшін басқарушы болса, екінші жағынан — ол өзі жоғары инстанциялардың алдында командасын таныстырады.

5. Тәрбиелік: ең алдымен, спортшыларға мақсатталған әсер ету. Оқушылары әсіресе жасөспірімдік шақта жаттықтырушымен өздерін біртектендіреді, оның жүріс-тұрыс ерекшеліктерін және құндылықтарын, бағыттылығын және қатынастарын жеңіл әрі үлкен даярлықпен қабылдайды. Осыған байланысты жаттықтырушының тұлғаның әлеуметтік жағымды сипаттарға ие болуы маңызды.

6. Танымдық (гностикалық): онсыз өзара түсінушілікті орнатуға болмайтын оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін тану.

Осындай тану кезінде жаттықтырушы келесі ережелерді ұстану керек:

- оқушыларды жаттығу және жарыстық процесінің табиғи шарттарында зерттеу қажет. Алайда оқушыны зертеумен қоса тәрбиелеу қажет;
- ең алдымен, оқушының басты сипаттарын табу қажет («негізгі осьтар мен белгілер», А.С. Макаренко бойынша);
- спортшы тұлғасының жеке дара ерекшеліктерін тұлғасының жалпы фондында қарастыру қажет;
- жас спортшының оқыту мен тәрбиелеу кезінде жүгінуге қажетті жағымды сипаттарын анықтау маңызды (оның теріс сипаттарымен бірге);
- спортшыны бағалауда тездетуге болмайды;
- оқушы тұлғасының жағымсыз сипаттардың көріну себептерін айқындау керек (мысалы, ол неге қырсықтықты көрсетеді – онымен дөрекі қарауына қарсы ма немесе еркеліктің салдарынан ба);
- оқушының белгілі бір тұлға сипатының даму тенденциясын бақылау қажет — ол жоғарылай ма әлде жойылады ма;
- спортшыны ұжымның ішінде зерттеу қажет: мұндағы оның жүріс-тұрысы, жалғыз болғандағыдан, ерекшеленуі мүмкін. Сонымен қоса осы оқушыға едәуір ықпал ететін спортшыларды анықтау қажет;
- оқушы тұлғасын толық зерттеу үшін оны әр түрлі жағдайларда жоспарлы және жүйелі бақылау қажет;
- оқушының әрекет пен істерінің мотивтерін түсіну қажет, себебі сырттай ұқсас істер әр түрлі мотивтерге сәйкес орындалуы мүмкін.

Әр дарынды спортшы өз ерекшелігіне ие болуы қажет екенін естен шығармау керек. Жаттықтырушының міндеті осы жеке даралықты табу болып табылады.

7. Секунданттық: спортшыларды жарыс кезінде басқару. Осы қызметті орындаған кезде жаттықтырушы психолог ретінде шығу керек, ол үшін оған қоластындағылардың психологиялық ерекшеліктерін, олардың күшті және әлсіз жақтарын білу қажет [1; 29].

Көпжылдық жұмыс барысында әрбір жаттықтырушыда өзіне тән команданы немесе жекелеген спортшыларды бақылау, басқару стилі қалыптасады. Көптеген факторларға (ұжымды ауыстыру, спортшылардың шеберлігінің жоғарлауы, тұлғаның дамуы және т.б.) байланысты ол тұрақты бола немесе өзгере алады.

Жаттықтырушының даралық ерекшелеріне сәйкес стильдер психологияда мынандай 3 типке бөлінеді:

1. Демократияшыл типті, жаттықтырушы ұжымдағы оқушыларды, қарамағындағы қызметкерлердің барлық жағдайлар мен қиыншылықтарды жеңу жолдарымен, сын-пікірімен санасып, оларды болдырмаудың әдіс-тәсілдерімен қарамағындағы адамдармен пікір алысады. Өзінің жеке басын ұжымнан жоғары санамай, сол ұжымның мүшесі ретінде тиісті шараларды іске асырудың жолдарын қарастырады.

Демократияшыл жаттықтырушы қарамағындағы адамдардан өздеріне жүктелген істерді дау-дамайсыз орындау қажеттігін іскерлігі арқылы көрсетіп, дөрекілік мінез көрсетпейді, өзгелерден де солай болуды талап етеді. Демократияшыл тәсіл орнаған ұжымның жұмысы өнімді, әрбір адам бастамашылық көрсетіп, ұжым мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас жолдастыққа, ар-ұят пен жауапкершілік сезіміне негізделеді, ұжым мүшелері біріне-бірі қамқоршы болып, өз жетекшісінің қызметінің табысты болуына игі тілектер білдіреді.

Демократияшыл бағытты ұстанған жаттықтырушылар барлық адамдарға әділетті болуды көздейді. Мұндай жаттықтырушылар қарамағындағыларды алаламайды, ұжымдағы оқушылардың бәріне бірдей әділеттікпен қарайды.

2. Әміршіл (авторитарлы) тәсілді ұстанушы жаттықтырушылар. Өз басы мен іскерлік қабілетіне мол адамдар. Ондай жаттықтырушылардың жұмыс стилі әміршілік пен билік жүргізуге тіректеліп, барлық мәселелерді жеке өзі шешуді ұнатады. Олар ұжымға сенбейді. Өздерінің жарлықтарымен өзгелерге қалайда орындатуға міндеттеп, берген бұйрық, жарлықтардың дәйекті болуын қат деп санамайды. Зерттеуші Е.Е. Бендровтың айқындауынша, әміршіл бастықтар, биліктің бәрін өз уысында ұстап, әкімшілік әдістің ролін асыра бағалайды да, көпшіліктің пікірімен санасуды қажет деп санамайды. Әміршіл әмір басшының сөзі әдетте қысқа, қарамағындағылармен үзілді-кесілді тілдеседі, қарсы ой-пікір айтқандарды ұнатпайды, тек өзгелерге өз ойын ғана орындатуды талап етеді. Өз қоластындағыларға талапты тіке қойып, дөрекілік те көрсетеді, қауіп-қатер төндіре сөйлеп, жазалауы істің шындығына сай бола бермейді.

Әміршіл жаттықтырушылар әдетте адамның дарақылық, ерекшелік мінез-құлқын дұрыс ажырата алмайды. Өздері жіберген қателіктерін өзгелерге аударып, жеке басының қателіктерін асыра бағалайды. Менмендік көрсетіп, өзінің ұнатқан адамдарының іс-әрекетін асыра бағалауға тырысады.

Дегенмен, әміршіл жаттықтырушылар жұмыс істеуге қабілетті, үнемі асығып-үсігіп жүреді. Жедел шешім қабылдай алады. Шапшаң қимылдап асты тез ішеді, демалысты ұнатпайды, жұмыссыз жүргендерді жек көреді.

3. Ымырашыл жаттықтырушы. Басқару ісінде ымырашыл жаттықтырушының іс-әрекетінде, бір жағынан, алғанда тұрақсыздық пен бей-берекеттік орын алатын болса, ал екінші жағынан — ондай жаттықтырушының жұмысты ұйымдастыруға қабілетсіз екендігін көрсетіп, әрбір «іске немқұрайды қарайтын болады. Ондай жаттықтырушы атқаратын қызметіне лайықсыз және ол басқарған ұйымда тәртіп болмайды, істің бәрі ырду-дырду сипат алып, ақыры ыдырауға әкеп соқтырады.

Жаттықтырушылардың басқару қызметіндегі жұмыс тәсілі мен мінез-құлқындағы осындай типтік айырмашылықтарды талдай отырып, қай типтегі жаттықтырушылардың іс-әрекеті жемісті болады екен деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа демократияшыл стильдегі жаттықтырушының жұмысы нәтижелі болады деп жауап беруге болады. Мұндай стильдегі жаттықтырушының басқару ісі әлдеқайда өнімді болатындығын американдық зерттеуші Курт Левин 1938 жылы Германияда жүргізілген тәжірибелері арқылы анықтаған болатын. Ол сол кезде-ақ әміршілдік басқару ісінің баянсыз болатындығын сынаған [2; 20].

Оқушылар арасындағы қарым-қатынас орнатудың өзекті мәселелері қатарына жаттықтырушының жеке басына тән қадір-қасиеті мен оған қойылатын талап-тілектер:

1. Жетекшілік қызмет атқаратын жаттықтырушының беделі мен психологиялық сипаты, ең алдымен, оның өзінің қармағындағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатып, олардың ісін, уақытын бағалай білуі. Сонымен бірге жаттықтырушының өз уақытын дұрыс пайдалануы.

2. Жаттықтырушының қызметінің стиліндегі маңызды мәселе спортшыларды көтермелеу және жазалау.

3. Жаттықтырушы істі ұйымдастырушы, әрі басқарушы.

4. Жетекші жаттықтырушының мінез-құлқындағы ұнамды сипаттарға оның өз ісіне сенімділігі, мақсаттылығы, әділеттілігі, табандылығы және т.б.

Жетекші жаттықтырушы бойында жақсы сапаларды тұрақтандырып, өзінің мінезіне айналдыру үшін мынандай қағидаларды басшылыққа алу керек:

- Сын-пікірлер пайдасыз болса, оған үнемі назар аударып отыру қажет.
- Өзгелер қате пікірлер айтса да, оған зейін қойыңыз.
- Басқа жағдай болса да, төзімділік көрсетіңіз.
- Әділетті болу керек. Әділеттілік көрсету – беделді арттырудың шарты.
- Айтар сөзің мен ойың болсын.
- Қарамағындағы адамдардың жақсы ісін қоштап, оған алғыс айт.
- Қарамағындағы адамдарға үшінші бір кісі қатысып тұрғанда оған ескерту айтушы болмаңыз.
- Қарамағындағы адамдардың істейтін ісін өзің істеуші болма.
- Егер берген жарлығын қате болса, онда өзің жіберген қатені мойындап, оны түзет.
- Жазбаша түрде жарлық беруден мүмкіндігінше өзіңді сақтандыр.
- Егер қарауындағы адам артық қабілетті болса, ондайлардан қамықпай, керісінше, ондай оқушылармен мақтаныш ет.

Жаттықтырушы өзінің тұлғасы мен іс-әрекетінің ерекшеліктерін жақсы білу керек. Бұл көптеген өзінің дағдыларын дамыту мен жетілдіру барысындағы кері салдардан сақтайды [3; 189].

Әрбір адамның іс-әрекетті орындау тәсілі сол адамдардың психикалық таным процесінің даму ерекшеліктеріне, жүйке жүйесі талдағыштарының жұмысына, сезім мүшелерінің сыртқы тітіркендіргіштерге әсерленіп, қабылдау жылдамдығына және адамның даралық қасиетіне байланысты. Өмірде тек бір стильді ұстанатын жаттықтырушылар аз кездеседі. Әдетте кез келген жаттықтырушы өз жұмысы барысында үш стильді де қолданады, алайда олардың көріну деңгейлері әр түрлі болады. Олардың біреуінің немесе екеуінің басым болуы жаттықтырушы жетекшінің белгілі бір жеке стилін сипаттайды.

Жаттықтырушы жетекшілігінің индивидуалды стилі жаттықтырушының тұлғалық қасиеттерімен; жаттықтырушының жүріс-тұрысымен, бұйрықтарды берудегі дауыс ырғағымен, сыртқы келбетімен; бұйрықтардың қажетті болуымен, олардың ақылдылығымен; спортшылардың психикалық күйімен шартталады. Егер мысал ретінде жаттықтырушыға тәккапарлық, көкіректік, адамдарды бағалауда астыртын болушылық, адамдарға немқұрайлық, дөрекілік сияқты қасиеттер бойында көрінсе, онда жағымсыз қатынас, алдымен, жаттықтырушының жеке тұлғасына бағытталады, ал содан соң ол істейтін барлық ісіне көшеді және тұрақты болады. Мұндай жағдайда оның кез келген бұйрығын орындау айқын немесе жасырын ашуландырады, ал егер орындалатын болса, жауапкершіліксіз, төмен орындалады. Сонымен қатар индивидуалды стиль қалыптасу үшін адам әрекет талаптарын және қолданатын іс-қимыл әдістерінің пайдалылығын ұғыну қажет. Сонда ғана адам саналы түрде өз мүмкіндіктеріне лайық болатын, өзінің кәсіп талаптарына сай болатын әрекет жолдары мен амалдарын таңдай алады.

Спортшылардың жаттықтырушы тұлғасының қасиеттеріне жағымды қатынасы жаттықтырушының нұсқауларының нақты және тез орындалуына, басқару әдістерінің жағымды қабылдауына қозушы әсер етуін көрсетеді. Жаттықтырушының эмоционалды жұлынуының өзі оқушыларының негативті қатынасын туғызбайды, себебі спортшылар ашуланшақтық олардың ұстазына тән емес, кейдесөк оқиғаларға байланысты болады деп түсінеді.

Жаттықтырушы жетекшілігінің басқару стиліне спортшылардың қатынасына басқару нұсқауларының өз уақыттылығы мен парасаттылығы әсер етеді. Жағдайға, уақытқа сәйкес келетін және спортшыны немесе команданы жүлдеге әкелетін нұсқауларды беру қабілеті жаттықтырушының авторитетін құрайды. Жаттықтырушы іс-әрекетінің жетістігі, ең алдымен, оның үйренулер мен біліммен айқындалады. Белгілі кәсіптік міндеттер атқаратын адамның саналы, мақсатталған әрекет құрылымында оқу процесінде қалыптасатын, кейін кәсіптік тәжірибеде өркендейтін компоненттерді белгілеуге болады. Олар — үйренулер мен дағдылар. С.Л. Рубинштейнның айтуынша, дағдылардың маңызды ролі — олар саналы әрекетті қарапайым актілерді реттеу функцияларынан босатып, әрекетті басқа маңызды, күрделі міндеттер орындауға бағыттауға мүмкіндік береді [4; 74].

Үйренулердің дағдыларға қатынасы әрекет бағдарламасының оны іске асыруға қатынасына ұқсайды. Үйрену дағдылардан кең болып, іс-әрекетті іске асырудың (реализация) бірнеше варианттарын ұйғарады. Жүзеге асырудың бір түрі қайталанатын тапсырмаға ең лайықты болғандығынан, ол бекітіліп, автоматтандырылып, дағдыға айналады. Бір үйренудің ішінде әрекет бағдарламасын жүзеге асырудың бір емес, бірнешеуі болуы мүмкін.

Е.А. Милерян ұсынған үйренулер классификациясы бойынша, олар мынадай топтарға бөлінеді: танымдық; жалпы еңбектік-политехникалық; конструктивті-техникалық; ұйымдық-технологиялық; операциялық-бақылаушы.

Ю.З. Гильбух үйренулерді «адам–машина» жүйесіндегі оператордың ақпарат қорыту процесінің негізгі сатыларына сәйкес бөледі. Гильбух жұмыстық үйренулерді үш үлкен топқа бөледі [5; 56]:

1. Ақпарат қабылдауға қажетті үйренулер (сенсорлық, перцептивтік және аттенциялық).
2. Ақпарат сақтау мен қорытуға қажетті үйренулер.
3. Қорытылған ақпаратты таратуға қажетті үйренулер.

Қандай болмасын, кәсіптік оқытудың мақсаты — әрекет тиімділігін, сапасы мен шапшаңдығын белгілейтін икемділіктерді қалыптастыру. Икемділіктердің маңызды сипаттамаларына олардың саналылығы, мақсаттылығы мен еріктігі және Е.А.Милеряның синтетикалық ерекшелігі деп атаған «мақсатқа жету әдістердің өзгеріп жататын әрекет жағдайларына сәйкес болуы» жатады [6; 639].

Жаттығу нәтижесінде кейбір икемділіктер автоматтандырылып, дағдыларға айналады. Осы дағдылардың негізінде жаңа, жалпыланған білімдер, дағдылар мен икемділіктер қалыптасады.

Дағдылардың қалыптасуы төрт сатыдан тұрады. Бұл сатылар моторлық дағдыларда айқын көрініп, дәл осы дағдыларды зерттеген кезде белгіленген. Дегенмен, дағдылар қалыптасуының негізгі сипаттамалары моторлық, сенсорлық және зерделік дағдыларға ортақ болады.

1. *Алғашқы саты.* Дағды бағдарламасы қалыптасып, бөлек іс-қимылдар компоненттерге бөлінеді, бағыттану қимылдары жасалынады. Ақпарат артық болады. Бағыттану қимылдары арқылы белгілі әрекетке қажетті ғана ақпарат таңдалынып, артық ақпарат басылынады.

2. *Аналитикалық саты.* Іс-қимылдар бөлек өтіп, әрбір қимылдың күші, шамасы, ұзақтылығы сезімді түрде тексерілінеді. Бөлек қимылдар қалыптасып, жеке байланыстар анықталады. Қабылдау көлемі шамаланып, кедергі байқаланбайды.

3. *Синтетикалық саты.* Қимылдың бөлек элементтері бірігіп, біртұтас сенсорлық кеңістік пайда болады. Бұл сатыда қимылдарды жалпыланған бейне реттейді, бейнеде қимылдардың реті, арақатынасы, иерархиясы көрінеді.

4. *Автоматтандыру сатысы.* Артық қимылдар жойылып, бұлшық еттердің артық шиеленісі тарайды. Зейін қимыл процесінен оның нәтижесіне ауысады. Қимылдар бақылауы көруден енді иіс сезу мен кинестезияға аударылады. Орындалатын қимылдардың ырғағы мен темпі адам өз еркімен өзгерте алады [7; 110].

Әрекет көпке дейін атқарылмаса, дағдылар деавтоматизациясы пайда болуы мүмкін. Жаттығудан кейін олар бұрынғы қалпына түседі.

Дағдылар қалыптасуына көп рет қайталау өз әсерін тигізеді. Бұндай жағдайда іс-қимылдар трансформацияланып, саналы мақсаттылығын жоғалтып, автоматтандырылып, дағдыға айналады.

Содан кейін, А.Н.Леонтьев зерттеулері бойынша, осы іс-қимыл одан да күрделі біртұтас әрекет құрылымына еніп, соңына дейін қорытылады. Өз мақсаты бар дербес іс-қимыл одан да кең мақсатқа жету үшін қолданылатын, сондықтан сана бақылауымен ғана атқарылатын бөлек операцияға айналады. Игерілетін іс-қимыл жалпылануының кейінгі жоғарлауы өзгергіш, әр түрлі орындау әдістерінде қайталануы арқылы жүзеге асады.

Икемділік пайда болу үшін әрекет шарттарын біртіндеп қиындату мен өзгертуге негізделінетін жүйелі жаттығулар керек болады. Сонымен, оқыту жағдайларының өзгергіштігі бейімді, жаңа шарттарда жеңіл қолданатын икемділіктер қалыптасуының қажетті факторы болып табылады.

Зерделік икемділіктер — ақпарат сақтау және қорытумен байланысты икемділіктер: мнемикалық, ойлау, иманижитивті. Жалпылану, икемділіктердің арнайы қасиеті ретінде, зерделік икемділіктерде ерекше көрінеді. Жалпылану қасиетінің арқасында икемділік өзгергіш болып, әрекеттің шамалы немесе күрделу өзгеруіне бейімделе алады. Икемділіктің осындай қасиеттері оқушыларды зерттеуші, экспериментатор позициясына қоятын мәселелік жағдайда ең тиімді деңгейде жүзеге асады. С.Л.Рубинштейнның айтуынша, жаттығу кезіндегі іс-қимылдардың қайталануы қалыптасқан байланыстар құрылымы өзгереді. Тапсырма орындаудың ескі тәсілдері дамып, нақтылынады, олардың ішінен ең тиімділері бекітіледі [8; 36].

Ойлау әрекетінің автоматизациясы дағдыға ауысуы емес. Орындалатын тапсырмалар өзгерген жағдайда жаңа білім қажет етсе, ойлау шығармашылық болып, жаңа мәселелерді шеше алады.

Зерделік икемділіктер мен дағдылар табысты қалыптасу үшін бекітілген сенсорлық және аттенциялық дағдылар базасы болу керек, себебі солардың негізінде ғана зерделік икемділіктер пайда болады. Қандай болмасын әрекеттегі мәселелі тапсырмалар орындау процесі келетін ақпаратты

қорытуына негізделінеді. Бұл ақпарат әр түрлі арналардан келіп, күрделі, көп элементтерден тұрады. Оқулық ақпараттық модель күрделілігі шын әрекеттен шамалы болса да, оқулық тапсырма шарттары иманижитивті, мнемикалық, зерделік дағдыларды дамытуы мүмкін.

Икемділіктер қалыптасқан кезде бүкіл тұлға өзгереді. Сенсорлық, ынталану, жігер мен эмоциялар өзгеріп, кәсіпке қажетті қасиеттер өркендейді, дейді Милерян. Бұл қасиеттер әрекетті жоспарлау, оқиғалардың алдын алу, зерделілік пен прогрессивтілік, өзін-өзі өркендету қабілеттерінде көрінеді. Қайтадан үйренудің психологиялық ерекшеліктері. Психологиялық зерттеу мәліметтері бойынша, дағдының өзгеруі осы әрекетте жалпыланған икемділіктері бар жұмыскерлерде табысты болады. Әдетте икемділіктің жалпылану деңгейі (іс-қимылдар варианттарын игеру) жұмыс тәжірибесімен бірге өседі. Сондықтан кәсіптік өтілі мол, жұмыс тәжірибесі жоғары мамандарды қайтадан үйрету процесі, олар ескі жүйеге үйреніп кетсе де, жеңіл өтеді. Сол себепті қайтадан үйрету үшін кадрлар таңдаған кезде жас мамандарды іріктеу бағыты дұрыс болмайды.

Американдық зерттеушілер Л. Коч пен Дж. Френч еңбектері жұмыс сипатының өзгеруін қызметкерлер жақтырмайтынын көрсетеді. Сондықтан қайтадан үйрету шапшандығы қызметкерлердің жағымды қатынасына және белсенділігіне пропорционалды болады.

Кәсіптік дайындалу барысында қалыптасатын, қайтадан оқу барысында жаңа жағдайларға лайық өзгертін икемділіктер мен дағдылар жүйесі еңбек әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды шарты. Жақсы бекітілген дағдылар және кең, жалпыланған икемділіктер арқасында дамуға көнбейтін кәсіпке мағыналы қасиеттер толықтырылып, өтемақы мүмкін болады.

Дидактикалық міндеттердің әр түрлілігіне байланысты дене мәдениетіне үйрету сабақтарында түрлі көрнекі құралдар қолданылады, олар жаттығуды көрсету, қимыл әрекетінің көрнекі, схема модельдерін пайдалану. Сонымен бірге қимылға үйрету тәжірибесінде қосымша көрнекі құралдарда пайдаланылады. Бұл топқа қимыл темпі мен ритмін таспадан тыңдау, әр түрлі элементтер имитациясы т.б. жатады. Оқыту кезінде қимыл әрекетінің қосымша тәсілдері кеңінен қолданылады: қимылды орындау баяулығы; әр түрлі салмақтағы снарядтарды қолдану; қимылды орындау кезінде сөздік тәсілдерді пайдалану [9; 28].

Спорттағы жетілдіру процесі кезінде және дене жаттығуларын үйрену, үйрету уақытында әр түрлі әдістер қолданылады. Бұл әдістер арнаулы спорт түрлерін анықтайды. Спорттық жетілдіру спортшы психикасына үлкен талаптар қояды. Спорттық жетілдірудің негізгі міндеті — спорт әрекетін орындау уақытында ақыл-ой және дене қабілеттерінің негізінде спорттағы шеберліктің жоғарғы деңгейіне көтерілу. Спортшыға қойылатын негізгі талап оның жеке басын жоғарғы жетістігі жоғары ұпайға жетуге бағыттау. Спорттық жетілдіру әдістері жоғарғы спорттағы шеберлікке жетуге бағытталған болу керек. Сонымен бірге спортшының жоғары дәрежедегі жетістікке жетуі оның рухани дамуын байытады және халықтың жалпы мәдени дамуының деңгейін көтереді. Жоғарғы спорт әрекетіндегі көрсеткіштерге жету үшін демалыс және жаттығу жүйелерін алмастырып отыру қажет. Спорттық жетілдірудің психологиялық негізделген әдістері спортшының жалпы және арнайы дайындығын алмастырып, біріктіріп санасын жан-жақты дамытуға бағытталған, негізделген болуы шарт.

Сәтті басқарудың қажетті шарты бедел болып табылады. Авторитеті бар жаттықтырушы спортшыларда сенімділікке ие болады, олардың өнімді өзара әрекет етуіне жағымды шарттар құрайды. Жаттықтырушының авторитеті оның жоғары моральдық келбетімен, кәсібилігімен шартталған және оқушыларға объективті қатынасымен, еңбекке абыройлы қатынасымен бекітіледі.

Жаттықтырушының авторитетін анықтайтын факторлар спортшылардың жасы мен тәжірибесіне тәуелді болады. Жаңа келген оқушылар жаттықтырушының спорттық статусына мән береді (егер жаттықтырушы жоғары атақтарға ие болса, онда ол жақсы жаттықтырушы болады деген пікір қалыптасады). Сонымен қатар жас спортшылар үшін жаттықтырушының сырт келбеті, әрекетесу сыпайлығы мен жұмсақтығы маңызды болады. Ал тәжірибелі спортшылар үшін жоғары нәтижелерге келетін, кәсіби құзы реттілігі бар жаттықтырушы маңызды. Жаттықтырушының жеке тұлғасының қасиеттері екінші ретке қойылады.

Ағылшын зерттеуші Хендри жүзу бойынша идеалды жаттықтырушыға қажетті тұлғалық ерекшеліктерді анықтау мақсатында жаттықтырушылар мен олардың оқушыларына сауалнама жүргізді. Солардың нәтижелері бойынша жаттықтырушы ашық, көпшіл, эмоционалды тұрақты, басқара алатын болуы керек. Онда жоғары интеллект болуы керек, өз-өзіне сенімді болуы қажет. Ол новатор, әрекететуші, шешім қабылдаушы және дербес болуы тиіс [10; 52].

Жаттықтырушыларды психологиялық зерттеу олардың идеалды жаттықтырушы туралы бейнесі шын мәніндегі бейнесімен айрықшаланады. Екі сипаттама бойынша ғана сәйкестік байқалды – доминанттылыққа бейімділік (басқаларды басқару) және жаңаны қабылдауға дайын болушылық. Огилвиннің зерттеуі бойынша, жаттықтырушылар ер — мінезге, психикалық шиеленіске, тұрақтылыққа, дербестікке, қаталдыққа, жоғары әміршілдікке, яғни спортшыларды басқара алу сияқты қасиеттерге, ие болады. Алынған нәтижелердің анық болмауына байланысты Б. Дж. Кретти жаттықтырушылық іс-әрекеттегі жетістік жаттықтырушыдағы үйренулеріне байланысты екенін тұжырымдаған.

Г.Д. Бабушкин тиімді және тиімсіз жаттықтырушыларды зерттегенде, біріншілерде үйренулердің барлық түрі жақсы жетілген, жұмыста жүйе, жұмысқа деген жағымды қатынас, міндет сезімі болады. Тұлғалық ерекшеліктер бойынша тиімді жаттықтырушылар арманшылдық, ұқыптылық, табандылық, жаңаға бейімділік сияқты қасиеттермен тиімсіз жаттықтырушылардан жоғары болады. Сөйтіп, тиімді мен тиімсіз жаттықтырушының арасындағы негізгі айырмашылық мотивационды және еріктік аймақтарда көрінеді [11; 204].

К.К. Платонов бойынша жаттықтырушы тұлғасының құрылымын төрт бөліктерге жіктеуге болады. Бірінші бөлігіне жаттықтырушы тұлғасының педагогикалық іс-әрекетінің бағыттылығын, спорт іс-әрекетінің әлеуметтік және кәсіби тәжірибесін берудің тұрақты ұмтылысы мен қалауын анықтайтын адамгершіліктік қасиеттері кіреді. Жаттықтырушының сендірулері, оның өмірлік белсенділігі, кәсібіне берілуі, еңбектегі қайсарлығы, іске деген жауапкершілікті және шығармашылық қатынасы қоластындағыларда өз жаттықтырушыға еліктеуін тудырады. Бұл бөлігі тұлғаның әлеуметтік өмірімен шартталған және тәрбие процесінде қалыптасады. Екінші бөлігіне кәсіби іс-әрекет процесінде жүре пайда болған жаттықтырушы қасиеттері: қоластындағыларының оқытуын және демалысын ұйымдастыра алу қабілеті, кәсіби-іскер қасиеттер, спорт ұжымында мойындайтын дәстүрлер мен әдеттер жатады. Үшінші бөлігінде индивидуалды-психологиялық сипаттар көрінеді: эрудиция, ақыл, ес, ойлау, әсерлену сезімі, ерік, эмоциялар. Мотивациялық аймақта келесі қасиеттер: атакқұмарлық, фанатизм, максимализм, ымыраға келмеушілік, белсенділік. Интеллектуалды аймақта: жаңашылдық, жоғары эрудиция, тапқырлық, кең тактикалық дүниетаным, ойлау өткірлігі, интуиция. Өзіндік сана-сезім ерекшеліктеріне келесі қасиеттерді жатқызды: өзін-өзі сынау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тәртіпке салу, өзін-өзі талдау, жан тәнімен берілу. Эмоционалды-еріктік ерекшеліктеріне келесілер кірді: дербес шешім қабылдау, жауапкершілік, талап қоюшылық, әділдік, адалдық, өзін-өзі ұстай білу, қаталдық, мақсаттылық. Соңғысы төртінші бөлік жаттықтырушы тұлғасының динамикалық қасиеттермен: жаспен, жыныспен, темпераментпен сипатталады.

Сонымен, тиімді жаттықтырушы тұлғасының бейнесі спортшылар мен тренерлерде де көрінеді. Алайда жаттықтырушылық жұмыстағы жетістік жаттықтырушыдағы бар білім жүйесіне, командамен қалай қарым-қатынас жасауына, өзінің білімін қалай жеткізетіндігіне байланысты болады. Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау барысында жаттықтырушының іс-әрекеті көпфункционалды сипатқа ие және белгілі бір педагогикалық жүйе шегінде жүзеге асатыны айқындалды. Жаттықтырушының іс-әрекетінің тиімділігі көптеген факторларға: экономикалық, әлеуметтік, ғылыми, ұйымдастырушылық, сонымен қатар жаттықтырушының тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты болады. Әрбір жаттықтырушыға жүйке жүйесінің типімен шартталған және басқару стиліне әсер ететін жеке іс-әрекет стилі тән.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Родионов А.В. Проблемы психологии спорта // Теория и практика физ. культуры. — 2006. — № 6. — С. 21–38.
- 2 Романина Е.В., Романин Е.А. Особенности индивидуального стиля тренера в процессе профессиональной деятельности // Теория и практика физ. культуры. — 2006. — № 6. — С. 18–24.
- 3 Стамбулова Н.Б. Психология спортивной карьеры: учеб. пособие. — СПб.: Центр карьеры, 1999. — 368 с.
- 4 Сассо Э. Футбольный тренер. — М.: Олимпия Пресс, 2003. — 198 с.
- 5 Рогалева Л. Влияние спортивной деятельности на личность юного спортсмена в зависимости от установок тренера // Спортивный психолог. — 2004. — № 1. — С. 54–58.
- 6 Бодров В.А. Психологические основы профессиональной деятельности. — М.: Логос, 2007. — 855 с.
- 7 Гогонов Е.Н., Мартыанов Б.И. Психология физического воспитания и спорта. — М.: Академия, 2004. — 288 с.
- 8 Корх А.А. Тренер: деятельность и личность. — М.: Тера-спорт, 2000. — 120 с.
- 9 Серова Л.К. Психология личности спортсмена: учеб. пособие. — М.: Сов. спорт, 2007. — 116 с.
- 10 Яковлев Б.П. Психология физического воспитания и спорта: учеб.-метод. пособие. — Сургут: СурГУ, 2003. — 104 с.
- 11 Уэйнберг Р., Гоулд Д. Основы психологии спорта и физической культуры. — Киев: Олимпийская лит., 2001. — 335 с.

А.Р. Альгожина

Психологические особенности личностных качеств эффективного тренера

В статье показано мастерство тренера, которое во многом определяется имеющимися у него личностными качествами. Отмечено, что эти качества придают своеобразие его общению с учащимися, определяют быстроту, степень овладения им различными умениями, условия для формирования позитивных межличностных отношений в команде, возможности избегания конфликта или выхода из него. Подчеркнуто, что личностные качества тренера определяют условия для создания такого социально-психологического климата, который способствовал бы успешному формированию мотивации спортсмена, его готовности переносить предельные нагрузки и стремлению к достижению высоких результатов. Определено, что успехи спортсменов во многом зависят от личности тренера — его знаний, педагогического таланта, авторитета, воли, способности к творческому обобщению.

Ключевые слова: личность тренера, личностные особенности, индивидуальный стиль, мастерство, гибкость, личность спортсмена, навыки, деятельность.

A.R. Algozhina

Psychological features of personal qualities of an effective coach

This article examines the skill trainer which is largely determined by his existing personal qualities that give the originality of his conversation with the students, determines the speed, the degree of mastery of their different skills, the conditions for the formation of positive interpersonal relationships in the team, the possibility of avoiding conflict or coming out of it, conditions for the establishment of such a socio-psychological climate that contributed to the successful formation of motivation of the athlete, his willingness to transfer the load limits and the desire to achieve good results. The successes of the athletes is largely dependent on the personality of the coach — his knowledge, pedagogical talent, authority, will, capacity for creative generalization.

Keywords: personality trainer, personal characteristics, individual style, skill, flexibility, personality sportsman skills activities.

References

- 1 Rodionov A.V. *Theory and practice of physical culture*, 2006, 6, p. 21–38.
- 2 Romanina E.V., Romanin E.A. *Theory and practice of physical culture*, 2006, 6, p. 18–24.
- 3 Stambulova N.B. *Psychology of sports career*: tutorial, Saint Petersburg: Tsentr kariery, 1999, 368 p.
- 4 Sasso E. *Football coach*, Moscow: Olimpia Press, 2003, 198 p.
- 5 Rogaleva L. *Sportivniy psiholog*, 2004, 1, p. 54–58.
- 6 Bodrov V.A. *Psychological bases of professional activity*, Moscow: Logos, 2007, 855 p.
- 7 Gogunov E.N., Martyanov B.I. *Psychology of sport and physical education*, Moscow: Akademiya, 2004, 288 p.
- 8 Korh A.Ya. *Coach: activities and personality*, Moscow: Tera-sport, 2000, 120 p.
- 9 Serova L.K. *Psychology of individual athlete*: tutorial, Moscow: Sovetskiy sport, 2007, 116 p.
- 10 Yakovlev B.P. *Psychology of sport and physical education*: textbook, Surgut: SurGU, 2003, 104 p.
- 11 Uyanberg R., Gould D. *Principles of psychology of sport and physical education*, Kiev: Olimpiyskaya literatura, 2001, 335 p.